

Г.Т.Қартбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: gulnaz1967@mail.ru)

Орталық Қазақстан қасқырларының (*Canis Lupus*) экологиялық ерекшеліктері

Мақалада Орталық Қазақстан қасқырларының қазіргі жағдайы, сандық көрсеткіштері қарастырылған. Қарқаралы, Бакты, Ұлытау аймақтары бойынша талдаулар жасалған. Соңғы мәліметтер бойынша, олардың сандық динамикасы берілген. Сонымен қатар биологиялық, экологиялық және таралу ерекшеліктері сипатталған. Популяция құрылымы, сандық көрсеткіштерінің қарқынды дамуының себеп-салдары және негізгі мекен ету орталары туралы жазылған.

Кілт сөздер: экожүйе, мониторинг, териофауна, сандық көрсеткіштерінің динамикасы, тығыздығы, популяция құрылымы.

Тақырыптың өзектілігі. Қасқыр зоологтардың назарынан түскен емес, ол халық шаруашылығы мен мал шаруашылығына зиянын тигізеді. Бұл ірі және белсенді жыртқыштың адам қызметінің әсері аз жабайы табиғат пен биоценозда маңызын бағалау күрделі. Ол әр аумақта әрқалай. Қасқыр экожүйеде негізгі реттеуші рөл атқарады тұяқтылардың санын, яғни жемтіктерінің санын, сол деңгейде ұстай отырып, жайылымдардың тозуын болдырмайды. Бірталай тұяқтылардың эволюциясы мыңдаған жылдар бойы ірі жыртқыштардың бірінші кезекте қасқырдың бақылауында болды. Қазақстанда жануардың 4 түр тармағы кездеседі: сібірлік орман қасқыры (*C.L. altaicus*), дала қасқыры (*C.L. campestris*) Батыс және Орталық Қазақстанда, шөлді жердің қасқыры (*C.L. desertorum*), Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс жазық бөлігінде тибеттік қасқыр (*C.L. chanco*) [1]. Олар сымбатты, күшті, үлпілдеген құйрығы мен аяқтары ұзын, ірі овчаркаға ұқсайды. Терісі ашық сұр түстен кара түске дейін болады. Сібірлік қасқыр — ең ірі және бассүйегі көлемді келеді. Дала қасқыры дене пішіні жағынан сібірлік қасқыр мен шөл қасқырдың арасында, ал шөл қасқыры — ең кішісі. Бірқатар аңдармен құстардың және олардың бәсекелестерінің тіршілігі үшін қасқырдың биоценодикалық маңызы зор. Олардың кейбір түрлері қазір сирек кездесетін және жойылып бара жатқандар, Қызыл кітапқа енгендер қатарында.

Қасқырдың тәуліктік рационы — 3 кг ет (зоопарктегі норма), яғни бір жылда бір қасқыр бір тонна ет жейді. Егер бұл көрсеткішті қасқыр санына көбейтсек, жыл бойғы олар жеген ет көлемі 100–120 мың тоннаны құрайды. Жыл сайын қаншама ірі қара мал, қой, шошқа, үй құстарын бауыздап, зиянын тигізеді.

Жетпісінші жылдарға дейін қасқырлар мал мен аң шаруашылығының зиянкесі ретінде қарастырылды. Ол жайлы мәліметтер шаруашылық зардабы мен оның санын азайтуда үгіт-насихат жұмыстары, оларды жоюдың нәтижелі жолдары мен сандық реттеумен шектелді. Жыртқыштың биологиясының зерттелуі жалғасын тапты, ал бағалы экологиялық зерттеулер кейбір жеке аумақтарда ғана жүрді, морфологиясы мүлдем зерттелмеді.

Соңғы уақытта қасқырды зерттеу еліміздің әр түрлі ландшафттық аймақтарында, әсіресе қорықтарда күшейе түсті.

Жұмыстың мақсаты. Орталық Қазақстан таулы аймағындағы қасқырдың экологиялық ерекшеліктері жайлы материалдар жинау, толықтыру, салыстыру болып табылады.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Қарқаралы, Бакты, Ұлытау таулы аймағындағы қасқырдың экологиялық ерекшелігін зерттеу популяциялық көрсеткіштерін (тығыздығы, орналасуы, баспаналарының түрлері, сандық көрсеткіштерінің динамикасы) зерттеу.

2. Осы түрдің популяциядағы жастық, жыныстық құрылымын, көбеюін қарастыру, таралу ареалын анықтау.

Қасқырлардың кеңістікте таралуының табиғи өзгеруі көптеген факторларға байланысты: қоректерінің мол болуы және табылуы, ауа райының климаттың ауысуы жыртқыштардың өздерінің санына байланысты болады. Сонымен бірге адамдардың араласуы, бір жағынан, тиімді болса, екінші жағынан — кері әсер етеді. Олар қасқырларды жойып немесе санын азайтып жіберумен қатар, таралу

сипатын, мекен ету бөлігінің мөлшерін биотикалық байланыстарының формасы мен қарқындылығын өзгертеді. Адам үй жануарларын өсіру арқылы қасқырларға азық объектісін тауып береді және жыртқыштың қылық стереотипін өзгертеді, аштық жылдары олардың популяцияларын ұстап тұрады. Ол адам нағыз түбегейлі түрде абиотикалық және әсіресе қасқырдың биотикалық тіршілік ортасын бүлдіреді, олардың қажетті аңшылық нысаналарын үлкен территорияларды жыртқанға дейін құрылыстар мен жолдар салынғанға дейін жойды.


Қазіргі жағдай біршама күрделі, ол антропогендік әсердің күшеюі қасқырлардың таралуы мен олардың популяцияларына қысымның болуына байланысты. Таралуы мен сандық көрсеткіші бойынша берілген мәліметтер біздің уақытта толық емес, кейде артық, әр түрлі ізденушілердің әрқалай әдістермен алынған. Мұның бәрі түрдің ареалдық құрылымын тұжырымдауды қиындатады. Сонда да қасқырдың ареалының өзгергенін көрсетейік. Соңғы уақытта циклді табиғи факторлар әсері екінші орынға шықты, ал сандық динамикасы, ареалы көп дәрежеде адам қызметінің нәтижесінде болып отыр. Жаңа жерлерді игеру, ормандарды кесу, кейбір бірқатар түрлердің жабайы тұяқтылардың санын қалпына келтіру жұмыстары қасқырлардың санының өсуі мен таралуына ықпал етті. Ал, екінші жағынан, жыртқышпен күрестің күшеюі, тиімді әдістердің қолданылуы малдарды бағудың түбегейлі өзгеруі оларды қоғамдық қораларда ұстауы, керісінше, жыртқыштың популяциясын шектейді. Аталған жайттармен антропогендік факторлардың көптеген жақтары бітпейді, оның негізгісі — қасқырға деген адамдардың қарым-қатынасы, жыртқышқа деген көзқарасы оның табиғаттағы және халық шаруашылығындағы рөлі. Ауыл шаруашылығына игерілген орман-дала, дала алқаптарында қасқырлар үшін орманды жерлердің көп болуы жақсы қорғаныш орындарын сақтады. Мал шаруашылығының қарқынды дамуының нәтижесінде олар азықпен толық қамтамасыз етілді. Бірнеше он жылдықтар бойы олар аңшылардың қатаң бақылауында болды, оларға иттермен қарсы шығу көрсеткіші жоғары және бірнеше қасқыр қуу үйірлері болды, Аңшылар қоғамы кәсіби мамандар-қасқыршылардан тұрды. Олар аңды ғана жақсы біліп қойған жоқ, үлкен территориядағы олардың бөлтіріктерінің орнын да білу арқылы қасқырлар санын реттеп отырды. Қазіргі жағдай біршама күрделі, ол антропогендік әсердің күшеюі қасқырлардың таралуы мен олардың популяцияларына қысымның болуына байланысты.

ТМД елдерінде қасқырлар ареалының өзгеруі табиғаттағы антропогендік факторлардың өсуіне байланысты болып отыр. Жыл сайын халық шаруашылығы қарыштап дамыды, соған байланысты орманның кесілуі, тың жерлерді игеру, шөлейт жерлер мен батпақты жерлерді өңдеу, жолдар салынып жанадан елді мекендердің пайда болуы үлкен әсер етті. Жалпы табиғаттың үлкен көлемде қайта құрылуы қасқырлар үшін қолайлы болды. Бұлан, қабан, бөкен сандарының жаппай көбеюі оларға жақсы шексіз қорек қорын тауып берді. Адамдардың тайга, тың жерлерге қоныстануы жыртқыштардың үлкен территорияларды мекен етуіне себеп болды. Ландшафттың антропогендік өзгерістері оларға қолайлы жағдай туғызғанмен, сол уақытта оларды қатаң қудалау да сол кезбен қатар келді, 1 млн қасқыр жойылды. Осы уақытта олардың біразы миграция жасады да, бастапқы шоғырлану нүктелеріне қайта жиналды. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, 1) қасқырлар үй жануарларының арқасында синантропты болып бара жатыр; 2) адамның артынан орман аймақтарына қалпына келген тұяқтылар мекеніне енді; 3) жыртқышты далалардан ығыстыру, осы процестерге байланысты сандық көрсеткіштері жоғары оңтүстік аудандардан солтүстікке қарай жазық жерлерден таулы жерлерге орын ауыстыра бастады. Осындай құбылыстардың нәтижесінде бұрын қасқыр болмаған аймақтарда Карпат, Волга т.б. қасқырлар саны жоғары бола бастады. Қолайлы жылдары Оңтүстік Орал, Қазақстан және Сібірдің орман-дала бөліктерінде олардың саны арта түсті. Қазіргі кезде Орта Азия мен Сібірде олардың ареалдары кеңейді. Тундра, орман-тундрада шамамен 1000 жыл бұрынғы қалыпқа келді, бірақ қазір популяция тығыздығы мен қасқырлардың таралуын авиация көмегімен бақылауға болады. Қиыр Шығыс пен Сібірде олар жалпы ареалын кеңейтсе, кейбір жерлерінде қысқартты (1-сур.).

Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. АН-2 ұшағымен жүргізген санақ жұмыстары біздің республикамызда қазірде 55–60 мыңдай қасқырдың мекендейтінін көрсетіп отыр [2]. Ал соңғы статистикалық мәліметтер бойынша, олардың саны 90 мыңдай болып отыр.

Биологиясы. Маңында су көздері бар таулы, шөлейтті, шөл, дала, тоғай мен ну қамыстарды мекендейді. Көбіне ойлы-қарлы, сайлы жерлерді ұнатады. Көктем мен жазда бір орында, ал қыс айларында орын ауыстырып, тіршілік етеді. Қасқыр баспаналарын күшіктеу және күшіктерін баулу кезінде ғана тұрақты пайдаланады. Баспаналар үшін борсық пен түлкінің індерін кеңітіп иемденеді

немесе өздері де қазады. Негізгі қорегі — жабайы аңдар, соның ішінде тұяқтылар (жабайы дала қойы, арқар, марал, қабан, ақбөкен, елік) және үй малдары.



1-сурет. Қасқырдың таралуының әлемдік ареалы

Далалық жұмыстар 2005–2008 жж. аралығында Қарқаралы ауданының Бакты ауылының территорияларында жүргізілді. Ол жұмыстар барысында жақын аумақтарға экскурсиялар жасалды. Есепке алу жұмыстары күндіз іздері арқылы, А.Н.Формозов (1932) бойынша, ал түнде автомобиль жарығымен жүргізілді. Аулау әдістері көбінесе № 5, ал кейінгі кезде № 3 қақпандармен ауланды. Сонымен қатар қасқырларды тазы ит және бүркіт салып та аулайды.

Бүкіл жұмыс уақытында 45 қасқыр ұсталып, зерттелді (кестені қара). Жиналған материалдар жалпы қабылданған әдістер бойынша (Новиков, 1953) өңделді. Сондай-ақ ekskременттері және әр маусымда мүжіген қорек қалдықтары зерттелді. Көбеюі табиғаттағы түрлерін бақылаумен ұсталған аңдардың жыныс органдарын зерттеу бойынша анықталды. Қоректенетін орындары авторлармен бірге С.А.Корытин (1970) әдістерімен сипатталды. Ауланған аңдардың салмағы мен дене мөлшері өлшенді. Әдебиеттер деректері бойынша, жалпы ересек түрлерінің денесінің ұзындығы 76 см болса, соған сәйкес салмағы 70–73 кг, ал аналықтарының көрсеткіштері 20 % кем болады екен. Ең ауыр қасқыр (72 кг) Румынияда өлтірілген.

Біздің мәліметтер төмендегідей болды (кестені қара).

К е с т е

Қасқырдың дене салмақтары, кг

Жас топтары	Орталық Қазақстан (Бакты)		Қазақстан	
	♀♀	♂♂	♀♀	♂♂
Бөлтірік 7–10 ай	22,3±0,85	24,5±1,03	20,9,3±0,87	23,5±1,25
Көкжал 18–23 ай	24,5±0,65	28,4±0,50	23,7±0,65	26,3±1,20
Ересек 3 жастан, одан жоғары	30,2±0,75	34,6±0,90	29,8±0,70	32,8±0,90
Орташа	25,6	29,1	24,8	27,5

Осы кестеде берілген мәліметтерге сүйенсек, жалпы Қазақстанмен салыстырғанда, Орталық Қазақстан қасқырларының ірі екендігі белгілі болды.

Бөлтіріктер дүниеге келгеннен кейін екі айға дейін әлсіз болады, сол кезде қасқыр бөлтіріктерін апандарында улап өлтіруге болады. Ол жұмыстарды сәуірден шілдеге дейін жүргізеді.

Бүкіл жұмыс уақытында 15 қасқыр ұсталып, зерттелді. Жиналған материалдар жалпы қабылданған әдістер бойынша (Новиков, 1953) өңделді. Қоректенетін орындары авторлармен бірге С.А.Корытин (1970) әдістері бойынша анықталды. Ауланған аңдардың салмағы мен дене мөлшері өлшенді. Сондай-ақ ekskременттері және әр маусымда мүжіген қорек қалдықтары зерттелді. Көбеюі


табиғаттағы түрлерін бақылау мен ұсталған аңдардың жыныс органдарын зерттеу бойынша анықталды.

Орталық Қазақстан бойынша қасқыр жайлы жалпы мәліметтер ол төмендегідей. Қазақтың ұсақ шоқыларында қасқырлар кең таралған және олар Орталық Қазақстан бойынша барлық жерлерде кездеседі [3, 4]. Дегенмен, бұл жыртқыштың сан мөлшері мен тығыздығы аудан бойынша едәуір ауытқып отырады. Ол халықтар аз орналасқан жерлерде көбейе түседі. Қасқырлардың жоғары тығыздығы қоректеріне байланысты оңтүстіктен батысқа қарай (сайғақтардың негізгі мекендері), облыстың орталық және шығыс жағында (арқар, елік, қоян, суыр, түлкі, қабан бар жерлерде) жоғарлайды.

Қасқыр Орталық Қазақстанда да орманды, ормансыз, таулы, шөлейт, дала тоғайларда тіршілік етеді. Ашық жерлерде болмайды. Суға жақын бұлақ, жыра бар жерлерге орналасады.

Сан мөлшерлері 1990–2002 жж. аралығында артса, жою шараларына байланысты 2004 жылдан кейін қайтадан төмендеген. Берілген мәліметтерге сүйенсек (Ержанов, Бекенов, Бербер және т.б.), қасқырлар санының ауытқуы олармен күрестің ұйымдастырылуына байланысты болып отыр [5].

Сонымен қатар қоректерінің болуына байланысты. Қасқырларда адамдардан басқа жау жоқ. Сандық мөлшерін азайту үшін жылда республикалық, облыстық бюджеттен қаржы бөлінеді. Соған байланысты 2004 ж. — 854 қасқыр, 2005 ж. — 556 қасқыр атылған (Қарағанды облысы Аң шаруашылығы басқармасының мәліметтері) (2-сур.).



2-сурет. Қасқырдың көпжылдық санының динамикасы

Суреттен көріп отырғандай, қасқырдың саны қорегінің азды-көптігіне, қардың қалыңдығына, көктем салқынының созылуына жоспарлы түрде атылуына байланысты өзгеріп отырады. Осы диаграммадан соңғы уақытта қасқырлар санының артуын байқауға болады. Олардың таралуы елді мекендерге шабуылы қорекпен тікелей байланысты. Қасқырлардың тағы бір ерекшелігі — адаммен ешқашан дос болмауында. Түз тағысы өзінің ареалында санын өздері реттейді. Бұл табиғат санитары, себебі кез келген жыртқыш сияқты, біріншіден, ауру немесе әлсіз жануарлармен қоректенеді, яғни табиғаттағы табиғи сұрыптаудың маңызды факторы болып табылады. Егер үнемі күресу жолдарын сауатты жүргізсе, олардың санын тұрақты реттеп отыруға болады, ал шамадан тыс аулау, ату биоценоздық маңыздылығына зиянын тигізеді.

Осы айтылғандарды қортындылай келе, олардың Қарқаралы, Бақты, Ұлытау аймақтарында кең таралғандығы және сандық көрсеткіштерінің артқандығы мәлім болды. Зерттелген қасқырлар жастық, жыныстық көрсеткіштері бойынша үш топқа біріктірілді.

Әдебиеттер тізімі

1 Книга генетического фонда фауны Казахской ССР. — Ч. 1. Позвоночные животные. — Алма-Ата: Наука, 1989. — С. 143.

2 Бекенов А.Б. Қазақстан сүтқоректілері. — Алматы: Ғылым, 1995. — 279 б.

3 Бибиқов Д.И., Филимонов А.Н. Пространственная структура // Волк / Под ред. Д.И.Бибиқова. — М.: Наука, 1985. — С. 408–415.

4 Ержанов Н.Т., Бербер А.П., Ержанов Т.Н., Мигушин А.С. Охотничье-промысловые млекопитающие Центрального Казахстана. — Павлодар: Изд-во ПГУ им. С.Торайгырова, 2006. — 141 с.

5 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www/ekologiya-volka-canis-lupus-l-1758-v>

Г.Т.Қартбаева

Экологические особенности волков (*Canis Lupus*) Центрального Казахстана

В статье рассмотрено современное состояние волков Центрального Казахстана: биологические, экологические особенности, численность и плотность заселения этого хищника. Проанализированы динамика численности и их распространение по регионам Каркаралы, Бахты, Улытау. Дана сравнительная характеристика морфологических параметров волков Казахстана и Центрального Казахстана. Определены структура популяций волков и их основные места обитания.

G.T.Kartbayeva

Ecological features of wolves (*Canis Lupus*) Central Kazakhstan

This article discusses the current state of wolves in Central Kazakhstan: biological, ecological features and size. Analyzed population dynamics and distribution by region Karkaraly Bakhty, Ulitau. The comparative characteristic parameters morfologicheskikh wolves in Kazakhstan and Central Kazakhstan. Identified their main habitat.

References

- 1 *Book genetic fund of fauna of the Kazakh SSR, Part 1, Vertebrates zhivotnye*, Alma-Ata: Nauka, 1989, p.143.
- 2 Bekenov A.B. *Mammals of Kazakhstan*, Almaty: Gylm, 1995, 279 p.
- 3 Bibikov D.I., Filimonov A.N. *Spatial structure*, Wolf, Ed. by D.I.Bibikov, Moscow: Nauka, 1985, p. 408–415.
- 4 Erzhanov N.T., Berber A.P., Erzhanov T.N., Migushin A.S. *Game mammals of Central Kazakhstan*, Pavlodar: S.Toraygyrov Pavlodar University Publ., 2006, 141 p.
- 5 <http://www/ekologiya-volka-canis-lupus-l-1758-v>